

ТӨРӘЛІ ҚЫДЫР

МӘУЛӘНӘ ЖӘЛӘДДИН РУМИ  
ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

В статье анализируются мысли восточного поэта Жалалиддина Руми о поэте, поэзии с точки зрения суфизма.

Makalede doğu şairi Celaleddin Rumi'nin şair, şiir hakkında fikirleri sufizm açısından değerlendirilmektedir.

Шығыс мұсылман әдебиетін Мәуләнә Жәләләддин Руми мұрасының көзге елестету мүмкін емес. Жазған шығармаларымен құллі адамзат баласын тамсандырған шайыр өзінің артында мәңгі ошпестей етіп өлең сөзден ескерткіш жасап кетті. Шайырдың қаламынан туған өлең жолдары кейінгі үрпакты тек эстетикалық жағынан емес, сонымен бірге рухани жағынан да тәрбиелеп келеді. Олай болатын себебі, оның адамзат болмысындағы мәңгілік тақырып - «кәміл инсан» мәселесін өлең сөзбен өрнектеп шығуында еді.

Жалпы өткен тарихымызға көз жібертсек, түркі ұландарының ислам өркениетіне қосқан ұлесінің ұшан теңіз екеніне көз жеткізеріміз анық. Бірнеше тілде қатар қалам тербegen түркі шайырлары өлең сөздін дамуына көп септігі тиді. Классикалық парсы поэзиясының белді өкілдері саналатын Низами Гәнджеуи және Әмір Хосрау Дехлеуи секілді сөз зергерлерінің асыл тегі түркіден шыққаны белгілі. “Aslem türkist egerçi hindu guyam” [1. 77] яғни «hindуша айтқаныммен әсілім түркі» деп жырлаған Мәуләнә көкейдегі даналық нұрларын да парсы тілі арқылы жеткізіп отырды.

Мәуләнә шығармашылығында ең бір шоқтығы биік тұрған туындысы, сөз жок, «Мәснәуи-е Мәуләуи». Шайыр өзінің Хаққа деген ішкі сырын осы шығарма арқылы жеткізген.

بىشىو از نى چۈن حكايىت مى كند  
از جدایى ها شکایت مى كند

«Найдын не айтып жатқанына құлак сал,  
Ол саған жалғыздықтың мұнын шағады [2. 5], -  
(жолма-жол аударма)

деп бастап, найдың сырлы әлемін жырлайды. Ақын ғашықтардың ішкі сырын осы най арқылы жеткізуге тырысқан. Ол ғашықтық отының найға түскенін, егер най ғашықтар киссасын айтар болса, жүректерді тебірентіп, туындаушыны мәжнүн қылатынын, сондықтан да мүміндер жүрегін жаулап алуда «захар мен есірткі» секілді найда тен келер ешнәрсе жоқ екенін жазады. Най – шайыр туындысының басты символы һәм ұстыны. Сондықтан да бұл шығарманың алғашқы он алты бәйті кейде «Найнама» деп те аталады.

90 Расында, ұстаның су жағалай өсіп тұрған қамыстардың ішінен бір

талын үзіп алған құнінен сыйызғының жалғыздығы басталған, найстанға қайтсам деген тілегі орындалмас арманға айналған. Іштегі бар қуаныш қайғы-мұнға, ал қайғы-мұнға ғашықтықтың сырына ұласқан. Сыйызғының мұнды әуені – жалғыздықтың зары, сонын ішінде асыл тегіне, бастапқы қалпына қайтуды аңсаған әр сопының іштегі мұны, Жаратушымен қауышуды қалаған ғашықтың күндегі құлшылығы. Осылайша жалғыздықтан жабыққан сыйызғының қайғышерін тарқатамын деп Руми ақын Хакқа ғашықтардың ішкі-сырын, олардың дүниетанымын актарып сала берген. Алла берген шабыттың арқасында жүректегі иләһи нұр қөкейден даналық сөз ретінде шығып отырған. Сондықтан да бұл шығармағасырлар бойына Хак жолына түскен жандардың қолынан түспес асыл қазынасына айналды.

Артында өшпес мәнгі мұра қалдырған Жәләләддин Руми өзіш ешқашанда шайырмын деп есептемеген. Сондықтан да замандастары секілді патша сарайларында өлең сөздін жарысына да түспеген. Ақындықты кәсіп қылып жан бакпаған, оны атақ-данққа жеткізер құрал деп те санамаған. Қырық жасына келгенше, яғни ұстазы Шәмс Тебризбен кездескенше бір бәйт те жазбаған деген деректер бар. Мәуләуитанушы ғалым Кәзім Мұхаммадидің сөзімен айтар болсақ, «Алайда Мәуләуи өзге шайырлар секілді шайыр емес. Ол қаншалықты көп өлең жазса да, сол жазған дүниелері жоғары денгейден табылып жатса да, ол өзін ақынмын деп есептемеген, оны мактан да тұтпаған. «Шайыр» деген атқа ие болу үшін кейбір ақындар секілді бір өлең жазамын деп, басын тауға да таска да соқпаған»[3. 36].

Әдетте, қолына қалам алған шайырлар білгілі тақырыптың төңірегінде қалам тербел, өз ойын, ішкі-сырын қалыптасқан түрмен жеткізуге тырысатыны белгілі. Тақырыптың көркемдік шешімі қай денгейде шешілетіндігі шайырдың шеберлігіне тікелей байланысты. Тақырып пен көркемдік шешімнің үйлесуі, ырғак пен үйқастың бір уәзінде болуы, идея мен мазмұнның анық шығуы үшін ақын бар қабілетін салады. Сондықтан да артында өлең сөзден ескерткіш қалдырғысы келген шайырлар балағат іліміне өте жауапкершілікпен қараған. Алайда Мәуләуи өзінін «Фин мә фин» (Ішідегісі ішінде) атты шығармасында ақындықты өзіне ар санап: من از کجا؟ و الله که من از شعر بیزارم و پیش من از این بتر(بدتر) چیزی نیست؛ در کجا؟ شعر از کجا؟ و الله که من از شعر بیزارم و پیش من از این بتر(بدتر) چیزی نیست؛ در «Мен қайда?», өлең қайда? Уаллахи, мен өленинен бизармын, мен үшін одан жаман нәрсе жок. ...Біздін ортамызда шайырлықтан өткен корлық жок», [4. 74] - деп жазған.

Артында қалдырған әдеби мұраларының көлемі жағынан бірнеше шайырды орап түсетін Мәуләуидің көркем сөзге, оны жасаушы шайырлық пен ақындыққа деген көзқарасын сопы ақын Әбдірахман Жәмидің «Бұрынғы данишпандардың айтуынша өлең дегеніміз, ол «мақаддимат хаял», яғни тыңдаушының ойын қозғаушы және мағынасы оған бақыт сыйлаушы....Расында да өлең қандай әдемі, қаншалықты кереметке бай және қаншалықты биік. Өленинен ұлырак керемет бар мекен?! Өленинен сикырлырак

сиқыр бар мекен?!» [5. 66] деген қанатты сөздерімен салыстыра отырып, екі ақынның поэзия хақындағы түсінігінің алшактығын анғаруға болады.

Сондай-ақ Мәуләуи өз ғазалдарының бірінде:

شعر چه باشد بـر من تـاـكـه اـز آـن لـاف زـنـم  
هـسـت مـرـا فـن دـكـر غـيـر فـنـون شـعـرـا  
شـعـر چـو اـبـرـیـسـت سـیـه مـن پـس آـن پـرـدـه چـوـمـه  
ابـر سـیـه رـاـنـو مـخـوان مـاه مـنـور بـه سـمـاء

Мен одан сандырактайтындай, өлең маған не бопты!?  
Мендегі бар дүние басқа шайырлардың өзгеше  
Өлең қара бұлт болса, (онда) мен ай секілді пердемін  
Қара бұлтты сен көктегі нұрлы айға қарап оқыма! [6, 159]-  
(жолма-жол аударма)

деп, өлеңді қара бұлтықта теңеп, өзінің жыр-жолдарын көктегі айға балағанының күесі боламыз. Сондай-ақ ол:

رسـمـت اـز اـينـ بـيـت و غـزـل اـيـ شـهـ و سـلـطـان اـزلـ  
مـفـتـعلـن مـفـتـعلـن مـفـتـعلـن كـشـت مـرـاـ  
قـافـيـه و مـغـلـطـه رـاـگـو هـمـه سـيـلـابـ بـيرـ  
پـوـسـت بـود پـوـسـت بـود در خـور مـغـزـ شـعـرـاـ

Бәйіт пен ғазал хақында шынымды айтар болсам,  
Ей, Жаратқан,  
Муфтағилун, муфтағилун, муфтағилун өлтірді мені.  
Қафия мен бос сөз айт та, барлық буынды сана,  
Ол тек шайырлардың санасын жеуші тек қабық, қабық қана [6. 38].  
(жолма-жол аударма)

деп жырлаған.

Сопы шайырлардың өзге ақындардан айырмашылығы: олардың тақырып іздемейтіндігі және үйқас қумайтындығы. Сондай-ақ жазған дүниесін көп өндемейтіндігі. Себебі Хаққа ғашық ақын өз туындысын жәзбәға кенелгенде яғни, машұқының дидарын көргеннен кейінгі ерекше бір жағдайда (халат) немесе Жаратқанның жамалына қатты ынтыққан уақытта пайда болатын үлкен илhamның үстінде отырып жазады. Сондай күйге (халға) жеткен ғәріп (Хақты танушы) сол кездегі көңіл-күйін бірден төгіп салады. Жоғарыда Мәуләуидің «Мендегі бар дүние басқа шайырлардың өзгеше» деп жазатыны да содан. Шығармада басты мәселе үйқас емес, мағына болғандықтан да «Муфтағилун, муфтағилун, муфтағилун өлтірді мені» - деп қалам тербеді. Ол атак-даңққа дәметіп, женіл тақырыптарға барып, үйқас қуған сарай маңында жүрген кейбір шайырларды сын садағына алды. Ондай ақындардың сөз өнерінің қадірін қашырып жүргенін ашына

отырып жазды. Оның «бұл күнде ақындықтан өткен қорлық жок» деп қалам тартуының астарында көркем сөзге деген қамкорлық жатыр еді.

Хаққа деген ғашықтықты жырлаған Мәуләуи өзінен бұрын өткен шайырлардың айтқанын қайталамауға тырысты. Сондықтан да ол:

نوبت کهنه فروشان در گذشت  
نو فروشانیم و این بازار ماست

Көне сатушылардың заманы өтті,  
Біз жаңа саудагерміз, сондықтан бұл – біздің базар [6. 424], -  
(жолма-жол аударма)

деп, ескі тақырыпты қаузаушылардың дәурені өткенін айта келе, әдебиет деген ұлы майданға тын тақырып, жаңа леппен кіругі тырысты. Тағы бір жерде «Енді, жаңа сөз айт, екі әлем өзгерсін» деп жырлады. Бұл да болса оның сөз өнеріне деген үлкен жауапкершілігін көрсетсе керек. Ол мағынасыз тақырыптың ғасырлар бойына жырланып келе жатқанына қатты ашынды. Өлеңдегі басты мақсат үйқас емес, мазмұн екеніне назар аударды. Сондықтан да оның негізгі шығармасы «Мәснәуи-е мәғнәуи-е Мәуләуи» яғни «мағынаға толы Мәуләуи мәснәуи» деп те аталды.

Орта ғасырда нәзира дәстүрінің қатты дамығаны белгілі. Сол дәуірде қалам тербegen шайырлар әдебиет майданына қызу араласып, бірі жырлаған тақырыпты екіншісі одан әрі дамытып, біріндегі әдеби өрнекті тағы бір ақын жетілдіріп, аға буынның жырлаған шығармасына кейінгі толқын үн қатып, іштей сөз өнерінің «жарысына» түскендіктен де, әдебиеттің, соның ішінде поэзия әлемінің кеністігі кенеje берді. Әдебиеттегі «Ләйлі-Мәжнүн», «Ескендір» және «Хосрау-Шырын» секілді тақырыптарға шығыс шайырлары жарыса отырып қалам тербеді. Әр шайыр әдебиет майданында өз үнін, өз қолтаңбасын қалдыруға тырысты. Содан «хамса» (бестік) дәстүрі қалыптасты. Бірнеше әдеби өрнектер мен шайырлық шеберліктердің өрнектелетін тұсы да осы кезең болатын. Алайда Мәуләнә Руми мұрасын бұл топтағы ақындар шығармаларымен қатар қоя алмаймыз.

Бұл пікірден шайыр аruz іліміне, ондағы дыбыс әуезділігіне, буын үндестігіне, қафияның бірлігіне тіпті назар аудармаған екен деген ой тумаса керек. Ақын мұрасын зерттеген ғалымдардың бәрі де оның шығармаларының белгілі бір әуенге, ырғаққа және үйқасқа құралғанын жазған. Мәуләуитанушы ирандық ғалым Кәзім Мұхаммади «...Мәуләнә үш жарым мындей ғазал жырлаған. Сонда елу бес өлең өлшем бірлігін қолданған. Біздің шайырларымыздың ешқайсысы да парсы тілінде мұншалықты өлең өлшемін дамытқан емес.

Шәміс Қайстың көне заманда болған, бірақ бұл күнде ұмытылған өлшем деп жүргендерінің басым бөлігін осы Мәуләуи дүниеге әкелген әрі кәдімгі (жиі кездесетін) өлшемдерден анағұрлым артық жасаған» [3. 39] – деп

жазды. Сондай-ақ, ғалым Фәрузанфар: «Мәуләнә - талант. Яғни бұрыннан ақын емес адамның (аяқ астынан) өлең шығаруы; ешбір әдеби ортада өлең сырын игермestен, шайырлықта жаттықпастан, көркем сөзбен жыр жазуы әрі оны керемет жеткізе білуінің өзі ғажап! Әрі оның қаламынан туған дүниелер көлемі жағынан біздін бұл күнде есімдері күллі әлемге белгілі мәшһүр болған атақты шайырларымыз Фердауси Туси, Сағди Ширази және Хожа Хафиз шығармаларын бірнеше есе орап түседі. Бұдан шығатын кортынды Мәуләнаның шайырлығы иләһи құдіреттін арқасында пайда болған» [7.147]-деп, оның шайырлық шеберлігін жоғары бағалаған.

«Уаллахи, мен өлеңнен бизармын»-деп жазған Мәуләуи өз шығармалары арқылы шығыс мұсылман әдебиетінің денгейін тағы бір сатыға көтеріп кетті. Оның қаламынан туған сөз зергерлері кейінгі ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ұлттық дүниетанымның қалыптасуына өз септігін тигізіп келеді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Шимшек А. Мәлана Жалал әд-дин Руми– түрік// Түркология. №2. Түркістан, 2006.
2. مثنوی معنوی. دفتر اول. تهران؛ کاؤس. ۱۳۷۶
3. مولانا بیبر عشق و سماع. تهران؛ وزارت فرهنگ و ارشاد اسلامی؛ سازمان چاپ و انتشارات. ۱۳۸۱
4. فیه ما فيه. مولانا جلال الدین رومی. تهران؛ کاؤس. ۱۳۸۹
5. Бахористон. Абдурахмон Жомий. Тошкент: Ёзувчи, 1997.
6. دیوان شمس. مولانا جلال الدین رومی. تهران؛ کاؤس. ۱۳۸۹
7. یادنامه مولوی. تهران؛ فردیس. ۱۳۶۹

### **RESUME**

**Kydyr T. (Turkistan)  
Maulana Zhalaliddin Rumi and poetry**

The article deals with the Eastern poet Zhalaliddin Rumi, his opinions about the poetry.